

Қарағанды мемлекеттік медицина университеті
Психиатрия және наркология кафедрасы

СӨЖ

ТАҚЫРЫП: Нашақорлық пен токсикомания эпидемиологиясы. Тәуелділік аурулары кезіндегі соматикалық бұзылыстар.

Орындаған: Ирисматов Б

ЖМФ 5-035 топ ЖМФ

Тексерген: Дуйсенбаева Б Д

Қарағанды - 2016

■ *Жоспар :*

- Нашақорлық анықтамасы
- Есірткі түрлері
- Токсикомания.
- Нашақорлық және токсикомания эпидемиологиясы
- Есірткі тәуелділік кезіндегі соматикалық бұзылыстар

- **Нашақорлық-наркомания** (грек тілінен narke – мелшию және mania – ессіздік, құтырыну) – есірткі заттарға патологиялық дағдыланудың нәтижесінде пайда болатын созылмалы ауру.

Есірткі түрлері

- Токсикомания
- Марихуана
- Героин
- Кокаин
- Экстази

Токсикомания

- Токсикомания– булармен, газдармен демалу. Токсикоманияның кейбір формалары ароматтық және басқа да заттар, мысалы тұрмыста қолданылатын ацетон, бензол арқылы таралады. Бұл ерітінділер, тазартқыштар, синтетикалық желімдер, никробояулар, дақтарды кетіретін сұйықтықтар және т.б. Үйде негізінен дезодорант-спрей, шашқа арналған лак, жиһазды тазартуға арналған сұйықтық, тырнаққа арналған лак, бензин және т.с.с.
- Токсикоманияның әсерінен бұлшық ет аурулары, жүріс-тұрыс бәсеңдеуі, салмақ жоғалту, бауыр мен бүйрек қызметінің бұзылуы, бас миының және жүйке жүйесінің бұзылуы, еске сақтау, ойлау қабілеттерінің әлсіреуі сияқты ауруларға, ал әрі қарай Асфиксияға (дем алудың қиындауы), естен тануға, комаға және кенеттен қайтыс болуға әкеліп соғады.

Марихуана

- Марихуана– кептірілген, ұсақ туралған жапырақтың, тұқымдар мен жасыл, қоңыр немесе сұр түсті сора гүлдерінің қосындысы. Марихуана – көптеген елдерде, оның ішінде Қазақстанда көп таралған заңсыз есірткі.
- Марихуананың ықпалындағы адамның басы айналады, жүрісі бұзылады, үнемі күле береді және есте сақтау қабілеті төмендейді.
- Марихуананы шегуді кейбіреулер денсаулыққа зиян емес деп санайды. Алайда, ол денсаулыққа үлкен зиян келтіреді.

Героин

- Героин - ең алдымен опий пайда болды, содан кейін одан морфин алынды, одан героин шығарылды. Героин өзінің есірткілік белсенділігімен морфийнен әлдеқайда асып түседі. Ол қыздырғаннан кейін тамырға егіледі, шегіледі, онымен демалады. 2008 жылдың 8 айы ішінде Астана қаласында героиннің дозасын асырып қолданғаннан 19 жастан 30 жасқа дейін 48 адам көз жұмған.
- Нашақорлардың түн ұйқылары бұзылады, артериалдық қан қысымы төмендейді, ине салу нәтижесінен тамырлары тесіледі, бауыры мен бүйректері ауырады, организмі дене және психологиялық жағынан әлсірейді, гепатит пен СПИД-ке шалдығады, ақырында өлімге әкеп соғады.
- Героин өткен ғасырдың соңында синтезделді. Героиннің күштілігі сондай, ол медицинада панацея болды. Медициналық тәжірибеде героин күшті анальгетик және ауырсынуға қарсы зат ретінде қолданылды. Героин туберкулез, алкоголизм, ауырсынуды емдеуде қолданылды. Осы кезде алғашқы героинисттер пайда болды. Героиндік нашақорлық Солтүстік Америкадан бастау алып, бүкіл Европаны жайлады.

Кокаин

- Кокаин – коки өсімдігінен шығарылған, негізінен ақ ұнтақ тәріздес есірткі. Кокаин ұнтағын ұсақтап мұрын арқылы тартады немесе тамырға енгізу үшін езеді.
- Кокаинді тек бай адамдар қолдана алады, себебі оны сатып алу үшін аптасына мың доллардан астам ақша жұмсалады. Оған тез үйреніп кетуге болады. Кокаинді қолданушылар паранойд болып келеді, олар миына қан құйылуынан, жүректің қысылуынан кенеттен өліп кетеді.
- Алғашқы дозадан алған жақсы әсерлерді сезіну үшін кокаинді жиі және көптеп қолдану керек болады. Есірткіні алғашқыда эйфорияны сезіну үшін енгізсе, кейін тек өзін жақсы сезініп, күйзелу немесе шаршаған жағдайын кетіру үшін қолданады. Қолданудың ақыры – сандырақтауға, дем алуының бұзылуына, есінен тануына, ақырында өлімге әкеліп соғады.

Экстази

- Экстази– 1987 ж. Испанияда болған бір дискотекада «экстази» таблеткасын (метилендиоксиметиламфетамин) музыкамен біріктіруден болған эффект «ашылды». Экстази қолданғаннан кейін жеңілдік сезіледі, күш-қуаты күшейеді, көңіл көтеріп, бірнеше сағат қатарымен шаршамай билеуге болады. «Экстази» 2 сағаттан 8 сағатқа дейін әрекет етеді. Алайда «Экстазиден» қайтыс болғандардың саны көп. Ол ең қауіпті есірткі құралдарының қатарына саналып, БҰҰ-ның барлық елдерінде тыйым салынған. Осы есірткіні қолданған кезде адамның ми клеткалары, бауыры, бүйрегі бұзылады, жүйкесі бұзылады, тамырлары қысылады, ақырында өлімге әкеліп соғады.

Есірткі тәуелділік кезіндегі соматикалық бұзылыстар

- Морфиннің әсерінің нейрохимиялық механизмі оның ацетилхолиннің гидролизін тежеп, оны нерв ұштарынан бөлуімен байланысты. Морфинге антисеротониндік қасиет тәре. Нейрофизиологиялық зерттеулер нәтижесі морфиннің ауырсынулық сезімталдығының таламустық орталығын тежеп, ауырсынулық импульстарды ми қыртысына өтуін блоктайтын көрсетті. 70 жылдары опиаттардың ми рецепторларына әсері зерттелді. Лимб аймағында басым түрде орналасқан мида опиаттық арнайы рецепторлар ашылды.

Наркомания: Ауру – үнемі наркотиктерді қолданылғандықтан және реактивностің өзгеруімен, психикалық және физикалық тәуелділікпен өтетін синдром. Токсикомания – бұлда наркомания сияқты өтетін ауру, тек ресми наркотиктарға жатпайтын заттардан пайда болады.

Психикалық тәуелділік синдромы қалыптасқаннан кейін опиаттарды қабылдау ретті болады. Енгізу жиілігі науқастың жеке тұлғалық ерекшеліктеріне, нашаны табуға байланысты. Жиі қолданудан опиаттардың эфориялық дозасы төмендейді. Сондықтан бұрынғы нәтижелі алу үшін нашаны қолдану жиімсіді, дозасы өседі. Яғни, толеранттылық жоғарылай бастайды

Физикалық тәуелділік шамамен нашаны түйелі қабылдағаннан 3 апта-1,5 андан кейін дамиды. Бұл уақытта нашаға патологиялық әйеустік толық қалыптасқан, наркотизация ритмі жүйелі. Толеранттылық максималды цифрлерге жетеді. Опиаттар дозасы 200-300 есе жоғарылатынуы да мүмкін. Егер морфиннің таза затының өлімді әкелетін дозасы 0,2-0,3 г. болса, нашакорлар тәулігіне 2-5 г. дейін қабылдайды. Әдетте науқастар өздерінің ең жоғарғы тәуелділік және бірлік дозаларын біледі.

Ең күшті наркогендік әсер
героинге тән оның
наркогенділігі морфиндекінен
4-5 есе жоғары. Кейбір мақ
сабағынан жасалған жасында
препараттар героин тәрізді
әсер көрсетеді.

Психопатологиялық симптоматика әртүрлі
аффективті бұзылыстармен көрінеді.

Науқастар өрескел, ызалы;
аутоагрессия болуы мүмкін.

Абстиненцияның шыңында нашақорлар
білектерін тіліп жіберуі мүмкін.

Абстинентті синдромның клиникасы ол соматовегетативті және психопатологиялық бұзылыстармен көрінеді. Абстиненция көрінісі соңғы дозаны қабылдағаннан бірнеше сағаттан кейін дамиды. Шыңына 36-72 сағ. кейін жетеді. Абстинентті синдромның жедел көріністері әдетте 10 күннен кейін жоғалады. Алайда резидуалды құбылыстар ұзақ сақталады.

Сонымен қатар ерте абстиненттік белгілерге қарашықтың кеңеюі, тахикардия, тремор, тәбеттің төмендеуі, анорексия, ұйқының бұзылуы, әлсіздік те жатады. Ұйқы беткей, жиі аянулармен. Түсінде нашаны көреді. Кейін осы белгілерге қызба, қаз терісі, жоғары терииңдік қосылады. Жақ аралық буындарда және шайнау бұлшық еттерінде ауырсыну байқалады.

- Абстинентті синдромның шыңы 3-5 тәулікке сай келеді. Орташа абстиненцияның ұзақтығы 2 апта. Алғашында диспепсиялық құбылстар, кейін ауырсыну жоғалады. Нашаға әдестік ұзақ сақталады.
- II (созылмалы) сатының ұзақтығы әртүрлі ол нашаның наркогендігіне, енгізу жолына, дозаға байланысты. Орташа 5-10 жылға созылады. Бұдан кейін аурудың III сатысы келеді. Бұл сатыда нашаның әсері айқын өзгереді. Эйфориялық эффект төмендейді немесе мүлдем болмайды. Наша тек жұмысқа қабілеттілікті, көңіл-күйді сақтау үшін ғана енгізіледі.

Опий препараттарын қабылдаған кезде дамидын тәуелділіктің негізгі белгісі болып оның препараттың аз дозасын қабылдаған кезде тәуелділіктің дамуы табылады. Таза организмге 1 % 1 мл. морфин ерітіндісін енгізу эйфорияны дамытуы мүмкін

Науқастардың айтуы бойынша опиаттарды қабылдағанда дамидын эйфория 2 сатыдан өтеді. 1-ші фаза препаратты енгізенде бірден дамиды. Науқастар іштен басталып, жоғары өрлейтін жылу қорқыныш сезеді. Баста жеңіл түрткі сезімі байқалады. Бұл фазаның басқаша аты-“соққы”. Көптеген науқастарда “соққы” сатысы мұрын ұшындағы, иектегі маңдайдағы жыбырлау сезімі көрінеді. Нашақорлар қуану жағдайын, көңілінің көтерілеуін сезеді. Эйфорияның 1-ші фазасы 40 секунд-1-3 мин.

одан кейін 2-ші фаза – “кайф” фазасы дамиды. Адам қуанышты, өзін жеңіл сезінеді, жаман ойлар жоғалады, ой жылдамдайды, тыныштық. Есі-ұйқы тәрізді. Сырттай қарағанда науқастар енжар, тежелген, қимыл аз. Кейін 2-3 сағаттық ұйқы. Ұйқы беткей, жылдам ашылады. Ұйқыдан кейін көңіл күй түседі, дисфория да болуы мүмкін.

Опиаттық рецепторлардың эндорфин,
энкефалин сияқты

эндогенді медиаторы бөлінді.

Булар рецепторлармен байланыс түзіп,
ауырсынуды басушы

әсер дамытады. Морфиннің құрылымында
эндерфин және энцефалиннің

құрылымына ұқсас молекулалар бар. Сондықтан
морфин опиаттық

рецепторлармен байланысып, ауырсынуды
басады.

Объективті жедел опийіндік интоксикация тән:

- -қарашық тарылған;
- -тері жабындылары құрғақ, боз;
- -қан қысымы тұрақсыз;
- -тахикардия;
- -сіңір рефлекстерінің жоғарылауы;
- -тыныстың тежелуі.
- Көңіл-күйі жақсы. Сөзі жылдам. Критика төмендеген. Кейде жасанды препараттарды қолданғанда психомоторлы қозу болуы мүмкін.

Толеранттылықтың жоғарылауы әдетте опиаттарды жүйелі түрде қолданғаннан кейін 2 апта-1,5 айдан соң дамиды. Осы этапта науқастың ойы тек нашада болады. Жанұялық жұмыстық мәселелер екінші кезекке қалады. Науқастардың барлық өмірі тек нашаны тауып, қабылдауға негізделеді.

Нашаны қолдануды тоқтатқаннан 2 тәуелділік соң барлық белгілер айқындала түседі, нашақорлар тілінде “ломка” басталады. Қол, аяқ, арқа, бел бұлшық еттерінде ауырсыну сезіледі. Бұл ауырсынулар науқастар үшін өте ауыр. Науқастың барлық ойы наша туралы. 3-4 тәулікте диспепсиялық белгілер көрініс береді. Іште ауырсыну, жиі іш өту (10-15 рет), тенезмдер, құрсу, тахикардия, гипертензия байқалады. Ұйқы мүлдем жоқ.

- Нашаның дозасы жоғарылатылмайды, керісінше төмендетіледі. Науқастарға бұрынғы дозаны беру ешқандай эффект болмайды. Абстиненттік синдром ең алдымен жүрек-тамыр жүйесін зақымдайды. Артериялық қан қысышы төмендейді, коллапс та болуы мүмкін. Әлсіздік, енжарлық, брадикардия өте айқын. Осылайша абстиненция науқастың өміріне өте қауіпті. Өте жиі өзін-өзіне қол жұмсау болады. Жұмысқа қабілеттілік төмендеген. Барлық кезеңде нашаға әуестік айқын.

■ **НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА
РАХМЕТ**